

ҚарТУ «Шетел тілдері» кафедрасы 2022 жылдың 8 ақпанында сағат 13:00де үш тілде тәрбиелік іс-шара өткізеді «Қарағанды қаласының тарих беттері» интерактивті зияткерлік ойыны

Іс-шара Microsoft Teams бағдарламасында онлайн форматта өтеді, оған 50-ден астам студент, сондай-ақ «Шетел тілдері» кафедрасының оқытушылары қатысады.

Бұл танымдық іс-шараның мақсаты – викториналық ойын түрінде студенттердің білімін жаңартуға жағдай жасау және туған қаламыз туралы жаңа білімдерді игеруге ынталандыру. Іс-шараның міндеттері:

1. Қарағанды қаласының тарихы туралы білімді қайталау, жинақтау;

2. Туған өлкені танып-білу ынтасын, есте сақтау, танымдық қызығушылықтарын дамыту;

3. Отансүйгіштікке, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

ҚарТУ 1 курс студенттері келесі категориялардан тұратын интерактивті викторинаға қатысады:

1. Қарағанды қаласының географиясы;

2. Мәдениет;

3. Атақты жергілікті тұрғындар;

4. Қызықты фактілер;

5. Қазіргі Қарағанды;

6. ҚарТУ;

Интерактивті викторина студенттерге олардың азаматтық тұрғыдан дамуына, шағын Отанына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге, өз халқы мен қаласының тарихи және мәдени құндылықтарын түсінуге көмектеседі. Қарағанды – ең алдымен, ірі өнеркәсіп орталығы, сонымен бірге мемлекеттің ғылыми және мәдени өмірінің өзегі. Қалада көптеген байланыс және көлік кәсіпорындары белсенді дамып, жұмыс істеуде.

Отан туған жерден басталады. Туған жер, туған қала ұғымдары әрбір адам үшін бір-бірімен тығыз байланысты және қасиетті. Оқу жоспарларына туған қала тарихының сұрақтары енгізілген. Бұл іс-шара университет қабырғаларында алынатын білімнің тәрбиелік рөлін күшейтуге, жастарды шағын Отанына жақындатуға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламасымен белгіленген міндетті білім шеңберінен тыс туған өлке тарихының жарқын да қызықты беттері көп. Олармен танысу студенттер үшін рухани байытудың баға жетпес көзі болып табылады. Тәрбиелік шараға қала тарихына деген қызығушылықты қалыптастыруға зор мүмкіндіктер тән.

Ұсынылған сұрақтар оқушылардың хронологиялық, картографиялық дағдыларын ашып, дамытады, атаулардың, терминдердің шығу тегін түсіндіру үшін қосымша ізденістерді, зерттеулерді, дереккөздерді, әдебиет пен өнер туындыларын талдауды қажет етеді. Оқушылар туған қаласының тарихы, көрікті жерлері, оның рәміздері, қала аудандары туралы білімдерін бекітуге мүмкіндік алады; жұмбақтарды табу қабілеттерін бекіту, логикалық ойлауын дамытып, өздері білім алатын ЖОО жайлы білімдерін жүйелейді.

Викторина нәтижесі бойынша қатысушылар әртүрлі номинациялар бойынша марапатталады және жеңімпаз – дұрыс жауаптар үшін ең көп ұпай жинаған студент анықталады.

Іс-шараға жауаптылар:** шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент **Джантасова Дамира Дулатовна**, кафедраның тәрбие жұмысына жауапты оқытушы **Исина Н.Т.**, кафедра оқытушылары **Кубеева М.М.**, **Несипбаева Н.Е.**, **Ярема Т.В.

КОД для Microsoft Teams: ta4m2vp